

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.2 – Б.345-346

## МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРКӘСІП НАРЫҒЫНЫҢ КОНЬЮНКТУРАСЫНА ӘСЕРІ

*Әубәкір Ф.Е.*

Сату нарығының конъюктурасы оның көлеміне, қанықтығына, өзін-өзі қамтамасыз етуіне, экспорттық бағдар мен импорттық тәуелділікке байланысты. Нарықтағы ұсыныс пен сұраныс әр түрлі факторлардың әсеріне (көбіне ішкі) байланысты өзгеруі мүмкін. Қазақстанның аграрлық секторының басқа елдер қатысуымен экспортты-импорттық жүргізулер барысында салыстырулар жүргізіледі. Конъюнктура жағдайының жеке өнім нарықтарына – сүт және сүт өнімдеріне және құс етіне баға беріледі.[1]

Сүт және сүт өнімдері үлкен сұранысқа ие емес, бірақ тұтынушының қалауы бойынша тауар сапасы мен сұрыптамасы артқан сайын импорттық өндірістің тасымалдағыш өнімдерін тұтыну көрсеткіші де артады. Бағаның жоғары болуына тасымалдағыш сүт өнімдері нарығының теңдеспеуі себепші болып отыр. Кілегей майы мен ірімшікті жеткізетін Ресей мен Қырғызстанның бәсекелестік қабілеті жоғары. Бұл жағдай өндірістік күшті қолдану коэффициентінің төмендігінен және өндірістік өндеуге жарайтын шикізаттың жетіспеушілігінен болып отыр. Зерттеу бойынша шикі сүттің 3,1 млн. тонна тауар ресурсының өндірістік өндеуге тек 0,8 – 0,9 млн. тоннасы ғана қолданылады. Нарыққашикі сүттің көп бөлігі халық шаруашылығынан келіп түседі және сапасы бойынша біртекті емес болғандықтан сүт өнімін өндеуде кері әсерін тигізетінін айта кеткен жөн. Кілегей майы мен ірімшік өндірісінің бәсекеге қабілеті жоғары өндірушісі Ресей болып табылады. Украина мен Белорусияның сондай тауарлары бағасы жағынан Қазақстанға жақын болып келеді. Сондай-ақ ресей кәсіпорындары өндіріс барысында бағаның төмендеуіне алып келетін өсімдік майларын қолданатынын айта кеткен жөн.

Еліміздегі сүт өнімдері импортының көп бөлігін ірімшік, қойытылған сүт, құрғақ сүт, сары май алады. Сүт өнеркәсібіндегі экспорт көлемінің төмендеуіне әсер ететін негізгі себептер: құрғақ сүтті тұтыну көлемінің өсуі және отандық өнімдердің бағалық бәсекеге қабілетсіздігі болып табылады. Оның басты себептері, біріншіден, сүт кәсіпорындарының өндірістік сүт қуаты төмен болуы болса, екіншіден, шетелден (әсіресе, Ресей, Беларусь, Қырғызстан сүт өнімдері) келетін, арзан бағалы қантты йогурттар мен басқа да сүт өнімдері жаппай сұранысқа ие. Алыс жақын шетелден арзан бағамен келетін сүт өнімдері (йогурт, қатты ірімшік, сүзбе және т.б) ішкі нарықта жоғары сұранысқа ие.

Қазақстан жылына 5 млн. 400 мың тонна сүт өндіреді. Осы өндірілген сүт көлемі Қазақстан халқының және басқа да ұлттық шаруашылық

салаларының нақты тұтынуларын қамтамасыз етуі керек. Бірақ, қалай дегенде, жыл сайын импорт өнімдері көбейе түсуде. Мәселен, 2013 жылы құрғақ сүттің импорты 24 664 тонна, яғни, 90% құрады, қоюлатылған сүт – 75%, сыр және ірімшік – 59%, к май – 34%. Көрсетілген бұл мәліметтер Қазақстан әлі де өз-өзін тұтастай сүт және сүт өнімдерімен қамтамасыз ету мәселелерін шешпегендігін көрсетеді. Отандық кәсіпорындар оралған сүт өнімдерімен тұтынушылардың қажеттіліктерінің тек 27% қамтамасыз етеді.[2]

ТМД елдері құс еті нарығының конъюнктурасына және ет пен сүт өңдеу өнімдеріне тәуелділігін арттыруда. Бұл нарықтарда түсіп жатқан тауардың саны маңызды болып табылады, себебі отандық тауармен қамтамасыз ету көрсеткіші жеткіліксіз. Қазақстанның нарық конъюнктурасына соңғы жылдары ЕЭО елдері үлкен әсер етуде, бұл Кеден одағының байланысының артуымен түсіндіріледі.

Егер республикамыздағы құс етін тұтынуын кейінгі сегіз жылмен салыстыратын болсақ, құс ұшасын тұтыну 3,5 есеге өскенін көруге болады. 2012 жылы тұрғын санына шаққанда құс етін пайдалану 12,5 кг-ды құраған, ал тұтыну нормасы 6,1 кг. Тұтыну көлемінің өсуі импорттың өсуіне негізделген, себебі, отандық өндірістер тұрғындардың қажеттілігін толығымен қанағаттандырмай отыр. 2013 жылы республикамызға 19,9 мың тонна құс еті импортталған, ал 2014 жылы 132,6 мың тонна, яғни 7 есеге импорт өскен. Осыған орай, ішкі нарықта отандық өндірістің өнім үлестері 2013 жылы 33,3 %-дан 2014 жылы 32,1 %-ға дейін азайған. Ал ішкі нарыққа тасымалданатын өнімнің үлестік салмағы 2013 жылы 62,6 %-дан 2014 жылы 68,7 %-ға өсті.[3]

Интеграциялық процестердің агроөнеркәсіп нарығына әсері біртекті емес. Интеграциялық процестердің Қазақстан нарығына жалпы жағымды әсерлері:

Отандық өндірушілерге тауарлық ұсыныстарын арттыруға мүмкіндік беретін нарық сыйымдылығының артуы;

Өндірістік-технологиялық кооперациялар мен еңбек өтімділігінің артуына мақсат пайда болады;

Бәсекелестік орта орын алады және өнім сапасы мен шығыстың төмен болуына септігін тигізеді.

Интеграцияны Ынтымақтастық және Кедендік одақ аясында арттыру келесі кері әсерлерге алып келеді:

Импорттық өнімдер отандық өнімдерді ығыстырады;

Соя, өсімдік майы және т.с.с. қоспаларды қосу нәтижесінде нарыққа табиғи емес өнімдердің түсуі;

Отандық өндірістің мүмкіндігін толық қолдана алмауы.[4]

Агроөнеркәсіп нарығының конъюнктурасының жағдайын кешенді бағалау импорттық түсімдерге тәуелділігін арттыратынын және бағаның өсуіне алып келетінін көрсетті. Сондықтан республикамыздың аграрлық секторына даму үшін қолда бар басымдылықтарды – әр түрлі ауыл шаруашылық мәдениеттер мен сиыр және құстардың көптеген түрлерін өсіруге мүмкіндік беретін топырақ-климаттық ресурстардың түрлілігін қолданған жөн.

Осылайша, зерттеулер мемлекетаралық интеграцияның дамуы агроөнеркәсіп нарығына оң және кері әсерін тигізетінін көрсетті. Жалпы тигізетін оң әсеріне және нарықтың тауармен физикалық қаныққанына қарамастан отандық ұсыныстардың дамуына ерекше қысым көрсетіліп отыр. Осы зерттеуде ұлттық агроөнеркәсіп кешенінің конъюнктурасының жағдайы мұқият зерттеліп, тұтынушының сұранысына, ұсынысына және бағасына әсер ететін факторлар, сондай-ақ әр түрлі мемлекетаралық одақтарда олардың рөлі көрсетіледі. Нарықтың импортқа тәуелділігіне сандық бағасы және көлемі бойынша дифференциациясы беріледі. Импорттық түсімге көбіне тәуелді тауар ретінде құс еті және сүт өнімдері талқыланады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» (Агробизнес-2020 )
2. «Қазақстан сүт өнімдерімен қаншалықты қамтылған?» Мақала.Егемен Қазақстан.17 қазан 2014ж.
3. ҚР «Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы» заң.//ҚР Парламентінің жаршысы, 2014 №16
4. Svatos, M ; Smutka, L ; Ishchukuva N. “The position of agriculture in the Russian Federation – the last two decades development overview”, CZECH ACADEMY AGRICULTURAL SCIENCES, TESNOV 17, PRAGUE, 117 05, CZECH REPUBLIC